

«Күншуақ»
бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі Ж.А.Курманова
« _____ » 2025 жыл



№1 «Еркетай» кіші тобы

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз»

Тәрбиешілер: Кульманова Ж.Б

Байбулова М.А

Тақырыбы: Армысың, Алтын күз!

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді айтқызу. Балаларды күз ерекшеліктерімен, күзгі еңбекпен таныстыру. Күз мезгіліне сай ән айтқызу.

Барысы:

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме, балалар, сендер бүгін өте әдемі болып кетіпсіңдер, біз бүгін «Алтын күз» мерекесін тойлау үшін жиналдык. Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай? - Күн суытады, жиі, жиі жаңбыр жауады. - Ағаштардың жапырақтары сарғая бастайды. (Желмен, жаңбырдың дыбысын тыңдап айту)

Жүргізуші: Балалар, тыныш, бізге күз ханшайымы қонаққа келе жатыр екен! (Музыка ырғағымен күз ханшайымы кіреді).

Күз: Сәлеметсіңдерме балалар! Балалар, сендер мені таныдыңдарма мен сендерді көруге асығып, сағынып келдім. Сендер мені тостыңдарма.

- Балалар, мен сіздерге келе жатқанда. Бағбан атаны көрдім, бақшасында көп жеміс-жидектер, көкөністер өсіпті, сол. Бағбан атаға бірге барайық, ол үшін мана жел соққанда ағаштағы жапырақтар ұшып жерге түсіп қалды, сол жапырақтарды терейік. Ойын: «Жапырақ жинау»-

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, ол жаңбыр жауғасын жер балшық болып қалыпты, кәне ептілігімізді көрсетіп балшықтан секірейік. Ойын: «Балшық жерден секіру»

- Жарайсыңдар балалар, міне Бағбан атаға да жеттік. Сәлеметсіз бе, Бағбан ата. - Сәлеметсіз бе балалар. - Менің бақшамда жеміс-жидектер, көкөністер көп, жақсы шықты, бірақ мен жинап үлгермей жатырмын маған көкөністерді жинауға көмектесесіңдерме?

Балалар екі балада шығып сәбіз бен картоп жинап жарысады. Бағбан ата: Жарайсыңдар балаларын көмектескендеріңе көп рахмет.

Ата сіздің көңіл күйіңіз көтеру үшін балалар

Балалар сізге бір ән орындап береді. Ән:

Бағбан ата: рахмет көп балалар. Мен сіздерге бақшамда өсіп жатқан алмаларымнан теріп берейік. (Балаларға алма таратады)

- Қош сау болыңыз ата.

Күз: Рахмет балалар, бүгін сіздер тапсырмаларды жақсы орындадыңдар, атаға көмектестіңдер, маған қатты ұнады, енді менің де қайтатын уақытым болды.

Келесі кездескенше сау болыңыздар.

Жүргізуші: Сары жібек көйлегін желбіретіп, Жапырағын ағаштың селдіретіп.

Тойға бөлеп елімді күзім келді. Нұр танысын аспанның мөлдіретіп-дей келе.

Осымен «Алтын күз» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.

The background of the slide features a soft-focus image of autumn leaves in shades of yellow, orange, and red. Scattered throughout the background are numerous out-of-focus light circles, or bokeh, in warm tones, creating a dreamy and seasonal atmosphere.

“Сұлу күз бейнесі” көрмесі

Көрмеге арналған қолөнер бұйымдары

